

5 Бәйділін Ә. Қазақ ұлтшылдығы. // Советская степь. 21.VI.1928.

6 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.

Сағатова Ш.Б.

Астана, Қазақстан

ВОПРОСЫ ЛИТЕРАТУРНО-ФОЛЬКЛОРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА НАЧАЛА XX ВЕКА

Аннотация: В данной статье рассматриваются вопросы литературно-фольклорного наследия казахского народа начала XX века. О необходимости сбора и сохранения устного народного творчества, о богатом наследии казахской устной литературы, об отражении в ней истинного существования народа, его истории подчеркивали в своих работах такие ученые и литературоведы как Н. Торекулов, М. Ауэзов, А.Сегизбаев и др.

Ключевые слова: Фольклор, наследие, литература.

Sagatova S.B.

Astana, Kazakhstan

QUESTIONS LITERARY AND FOLKLORE HERITAGE OF THE KAZAKH PEOPLE EARLY TWENTIETH CENTURY

Abstract: This article deals with the literary and folklore heritage of the Kazakh people of the early twentieth century. On the necessity of the collection and preservation of folklore, about the rich heritage of the Kazakh oral literature, the reflection in it of the true existence of the people, their stories have stressed in their works and literary scholars such as N. Torekulov, M. Auevov, A.Segizbaev and others.

Keywords: folklore, heritage, literature.

ҒТАХР 17.82

Р.Р. Адилов¹

¹*Сүлейман Демирел атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан*

СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ІЛІМГЕ ҚАТЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа: Мақалада сопылық әдебиеттің ірі өкілі Сүлеймен Бақырғани шығармаларында кездесетін діни терминдердің семантикасы мен когнициясы қарастырылады. Теонимдердің дербес семантикасы,

контекстегі мағынасы және қазіргі сөзжұмсамда алатын орны сияқты мәселелер талданады. Хәкім Ата шығармалары арқылы, оның дүниетанымы, тариқаты, діни жолы және т.б. аспектілер зерттеуге алынған. Бақырғани хикметтеріндегі жиі қолданатын сөздердің ішінде когнитивтік модельдер көрсетіліп, ядросы мен перефириясы анықталды. Бұл зерттеулер нәтижесінде Хәкім Атаның тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейінде шығармаларындағы діни терминдердің қолданылу ерекшеліктерін сипаттайтын сөздерге назар аударылып, олардың семантикалық мағыналары танымдық негізде айқындалады.

Зерттеу жұмысында сопылық әдебиетінің жауһары болған Хәкім Атаның есімі және әдеби мұралары қазіргі қоғамға қаншалықты дәрежеде таныс екенін айқындау үшін, арнайы сауалнама жүргізілді. Эксперимент нәтижесі, оның пайыздық көрсеткіші зерттеу жұмысында көрсетілген.

Кілт сөздер: мүрит, шарап, тариқат, жәһил, ерік иесі, Аллаһ нұры, қараңғылық.

Қарахандықтар билігі тұсында (942-1211 жж.) түркі жеріне ислам дінінің келгеніне он бір ғасырдан аса уақыт болды. Сыр бойы, әсіресе Түркістан, Отырар жерлері ислам дінінің, сол кездегі ең басты білім және мәдениет ошақтары болғаны тарихтан белгілі. Қожа Ахмет Йасауи түркі даласына алғаш сопылық ілімді әкеліп, халыққа дінді жаппай насихаттаған ғұламалардың бірі болып, өзінің артынан үлгі тұтар шәкірттер даярлаған болатын. Солардың бірі қарахандықтар тұсындағы түркі жазба әдебиетінің көрнекті өкілі Сүлеймен Бақырғани еді. Орта ғасыр шайырларында өз аттарын шығарудан бұрын, өз туған жерінің даңқын шығару сияқты жақсы дәстүр болған. Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йүгнеки, Бархануддин Рабғузи, Сейф Сараи секілді ақындар есімдерінің соңында араб тіліндегі қатыстық сын есіміне жалғанатын «и» дыбысын қабылдап, олардың қай жерден шыққандығын анықтап тұр. Сүлеймен Атаның есіміне жалғанатын Бақырғани деген атау, оның Бақырған деген мекенде дүниеге келгенін көрсетіп отыр. Бірақ, оның қай жерде және қашан туылғаны туралы ғылымда нақты нүкте қояр дерек жоқ. Барлық зерттеу деректерін қарастыра отырып және көпшілік ғалымдардың пікірін растап, «Түркістан» халықаралық энциклопедиясында Сүлеймен Бақырғани Қарақалпақстандағы бұрынғы Бақырған қаласында дүниеге келген деуге болады. Ал кейбір зерттеу еңбектеріне жүгінсек, Сүлеймен Бақырғани 1186 жылы 82 жасында Хорезм аймағында қайтыс болғандығы жазылған. Бұл деректерге сүйенсек, ол 1104 жылы дүниеге келген болып шығады.

Сүлеймен Бақырғани сопылық дүниетанымы мен шығармаларын зерттеужайлы айтатын болсақ, қазақ ғалымдарының ішінде Ш.Ш.Уәлиханов өзестеліктерінің бірінде: «Қыпшақтардан шыққан

хорезмдік Хақимата 523 (1129) жылы дүниеден өткен» [1,6 б.] деген мағлұматты келтіреді. Ә. Қоңыратбаев пен Т. Қоңыратбаев «Көне мәдениет жазбалары» (1991) деген еңбегінде «Хақим Ата кітабының» негізінде С. Бақырғанидің өмірбаяндық деректеріне және бұл еңбектің мазмұнына, тарихи мәні мен тілдік ерекшеліктеріне кеңірек талдау жасайды [1,11 б.]. Ғалым Х. Сүйіншілиев «Ғасырлар поэзиясы» (1987) атты ғылыми жинаққа “Хақим Ата мұралары хақында” деген зерттеуін енгізді. Бұл еңбек «Жас алаш» газетінің 1993жылғы 21-22 мамырдағы № 78-79 сандарында жарияланды [1, 11 б.]. М.Ж. Бұлұтай «Мұсылман қазақ еліміз» деген кітабында (2001) Сүлеймен Хақим Атаның Қожа Ахмет Йасауидің жолын жалғастырушы, таңдаулы шәкірттерінің бірі екендігін жазады [1,12 б.]. 1991 жылы А. Қыраубаеваның өмірбаяндық деректерді жазып, құрастыруымен «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты жоғары оқу орындары студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы жарық көрді. Бұл кітапта Б. Сағындықовтың аудармасымен 1897 жылы Қазанда жарық көрген «Бақырғани кітабынан» он алты хикметтің транскрипциясы мен жолма-жол аудармасы берілді. Жинаққа Сүлеймен Бақырғанимен бірге Шәмсиддин, Хұдайдад, Құл Шариф сияқты ақындардың да хикметтері енгізілді [1, 12 б.]. жалпы, біздің заманымызға дейін хаттардан көшірілген қолжазбалары арқылы жеткен ақын мұрасын жариялау ХІХ ғасырдың орта тұсында мықтап қолға алынды. Алғаш рет 1846 жылы Қазан университетінен қадим әліппесіменен басылған Бақырғани шығармалары өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарына дейін он алты рет жарық көрді. Алайда ізгілікті өмірінің басты ұстанымы еткен дана да дара бабамыздың әдеби мұрасын бүгінгі мәдениетіміздің сүбелі бөлігі ретінде қарастыру, жас ұрпаққа таныстыру, күллі халқымыздың игілігіне айналдыру ісі, өкінішке орай, көпшілік назарынан тыс қалып келеді. Біз осы бір олқылықтың орнын толтыруға аз да болса үлесімізді қосу үшін Хақим ата шығармаларындағы кірме сөздерге, яғни бүгінгі әлеуметтік топтың басым бөлігіне түсініксіз болғандықтан, жатырқай қарайтын теонимдерге кеңірек тоқталуды мақсат еттік.

Сүлеймен Бақырғанидың сопылық, діни-дидактикалық шығармаларында араб-парсы кірме сөздері молынан кездеседі. Бұл оның осы екі тілді жетік меңгергендігінің айқын көрінісі. Одан бөлек, ақын тікелей Құран Кәрімнен алынған уақиғаларды өлең түрінде баяндап, оқырманға ұсынған. Біз мақаламызда Сүлеймен Бақырғани шығармаларында жиі кездесетін теонимдердің мағынасын ашып, прагматикалық ерекшеліктерін айқындауды мақсат еттік. Ол үшін төменде келтірілген діни сөздердің семантикасына және қолданысына назар аудардық: *Мүрид, Жәһил, Пир, Ғәфләт, Шәраб, Тамұз, Ирадәт, Илһам, Тәфәкқур, Тәриқәт*

, *Ишқ*.Бақырғани мұраларында аталған сөздер былайша көрніс

тапқан:

*Аллаһ йады көңілләргә пәнаһ болса,
Ажылұр батин қажан Рабдин нида болса,
Мүрид керәк Байәзидтек сәфа болса,
Андағ мүрид мұрадыға етмәк керәк.*

Қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы:

*Алла жады көңілдерге пана болса,
Ашылар батин қашан Раббыдан жарлық болса,
Мүрит керек Баязидтей таза болса,
Ондай мүрит мұратына жетпек керек.*

Мүрид – *مريد* араб. (ерік иесі). Сопылық дүниетанымдағы пірге қол беріп, тарикатқа кірген жан. Мағынасы «талап етуші», «қалаушы», «ерікті» дегенгекеледі.

Бұл өлең жолдарында ақын «мүрид»сөзін *таза жан, ұстазының артынан ерген шәкірт* деген мағынада қолданып отыр. Сондай-ақ барлық шәкірттер Баязид сияқты тақуа және саф болуы керек дегенді нұсқап тұр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (2008) осы сөзге мынандай анықтама берілген: **Мүрид** – діни лауазымды адамдарға қол тапсырып, солардың ісін дәріптеуші шәкірт; ізбасар [3, 605].

Одан бөлек, осы шумақтағыбірқатар сөздер қазіргі қазақ тілінде түрлі фонетикалық өзгерістерге ұшыраған күйде қолданылып жүр. Мысалы: *йады* – *жады*сөздеріндегі й//ж алмасуы. Айта кететін бір жайт, қазіргі таңда кейбір түркі тектес тілдерінде «*йады*» формасы әлі күнге дейін қолданылып келеді.

*‘Алимлар ‘илм бірлән болды ‘әзиз,
Жәһилләр жәһил бірлән қалды ‘әжиз,
Құлмы болұр хәзрәтідә нәдамәтсіз,
Нәдамәт болұб, құллұқ қылмақ керәк.*

Қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы:

*Ғалымдар ғалымменен болды әзіз,
Жәһилдер жәһилменен қалды әлсіз
Құл не болар құзырында өкінішсіз,
Өкінішті болып құлшылық қылмақ керек.*

Жәһил – *جاهلية* ислам діні келмей тұрып, араб елдері бастан кешірген қараңғылық дәуірі. Сондай қараңғы, діни сауаты жоқ адамдарды *жәһил* деп атаған. Сопылық дүниетанымда жәһил деп надандар, өнер мен білімге ұмтылмайтын адамдартанылған. Бұл сөзді автор араб тілінен алғандықтан, қазіргі кезде көп қолданылмайды. Оны тек діни әдебиеттерден кездестіруге болады.

Бұл шумақтарда Хакім Ата ғалымдардың ілім арқылы күшті

болып, надандардың сол надандығымен жүріп әлсіз болып қалатынын баяндап отыр. Бұл жолдарды ол өмір сүрген заман ағымын көрсететін таптырмас дәлел деп айта аламыз.

*‘Ашиқларға дидар көрмәк гұрбаддын ол,
Тәриқатға мәңлік кірмәк афәддин ол,
Муридларға мурад болмақ хизмәддин ол,
Мискинлик либасыны кидім мәңә.*

Қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы:

*Мүриттерге мұрат болмақ қызметтен ол,
Ғашықтарға дидар көрмек гәріптіктен ол,
Тариқатқа мендік кірмек опаттан ол,
Міскіндік киімін кидім, міне.*

Тариқат – *طریقہ* араб.(жол, бағыт). Сопылық ілімінің шариғаттан кейінгі екінші басқышы. Шариғат амалдарын жетік меңгерген жанның діни ілімнің ішкі сырын терең игеру мақсатымен пірге қол беріп, Хаққа талпыну жолы.

Досай Кенжетай өз еңбегінде **тариқат** сөзіне мынадай анықтама береді: **Тариқат** - этикалық-моральдық қағидалар мен ритуалдарды қамтитын, Хаққа ұласуды қамтамасыз ететін жол. Тариқат «жеке әдіс», «әдістемелік ережелер» деген мағыналарға да келеді. Кемел жол көрсету үшін, яғни әрдайым Алланы терең ойлау, Оны сезіну мақсатында қолданған әдісті «тариқат» дейді. Сопылық жолдың тариқаттарға бөлінуі XII ғасырдан басталады. Бұлардың Қадирийя, Рифаййя, Шазилийя және т.б. болып табылады [2, 321 б.]. Елу мыңға жуық сөз қамтылған түсіндірме сөздікте **Тариқат** сөзіне мынандай анықтама берілген: *дүниені тәрк ету, сопы болу гұрпы*. Осы анықтамаларды басшылыққа ала отырып, жоғарыда келтірілген өлең жолдарындағы мағынасына назар аударсақ, Сүлеймен Бақырғани өзінің шәкірттеріне тариқатқа мәңгілік кіру жолында, дүниелік нәрселер мүрит үшін опат болу қажет деген ойды нұсқап отыр.

*‘Әрш үстідә чилтән бірлә шәраб ічтім,
Дәрдин айтыб, Хәққа бақыб, йашым сачтым,
Йетмиш заһир болды андын аштым,
Рәсулұлла жәмалларын көрдүм дустлар.*

Қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы:

*Арсы үстінде шілтенменен шарап іштім,
Дертін айтып, Хаққа қарап жасым төктім,
Жетпіс батын көрінді одан өттім,
Расулалла жамалын көрдім, достар.*

Бұл өлең жолдарында «**Шарап**» сөзі көпшілік оқырман ойлағандай

мас қылатын спиртті ішімдік емес. *Шарап* сөзінің семантикасында өте терең символикалық мағына бар. **Шарап** – Аллахтың нұры. Шарап құйылған ыдыс – адамның жүрегі. Басқаша айтсақ, *адам баласының жүрегі Аллаһ деп соғып өту керек*. Шарапты жақсы көру – Аллаһқа деген махаббатынан ләззат алу. Шарап жәһилдерде адамды мас етіп, санасын улап жібереді. Ал сопылықта Хәкім Алланың жамалына мас болып, рухани азық алады.

Сөзімізді қорыта келе, айтарымыз, біз Сүлеймен Бақырғани өмірнамасы мен оның хикметтері, оның ішінде кейбір діни сөздердің қазіргі жастар арасында қаншалықты дәрежеде түсінікті екенін, ассоциативті түрде қандай мағына беретінін анықтау мақсатымен шағын сауалнама жүргіздік. Сауалнамада мынадай сұрақтар қамтылды:

- Берілген сөздерді оқығанда ойыңызға не келеді?
- Төмендегі сөздердің мағынасын ашып беріңіз.
- Сопылық ілім туралы не білесіз?
- Сүлеймен Бақырғани кім? Ол туралы не білесіз?

Сауалнама 17-40 жас аралығындағы тіл ұстанушылардан алынды. Нәтижесі мынандай:

✓ **Мүрит** сөзі : 10% - «шәкірт»; 5% - «дін адамы»; 5% - қағба; 5% - тек сопылық әдебиетте қолданылады; қалған 75% - бұл сөздің мағынасын білмейді.

✓ **Жәһил** сөзі: 20% - заман атауы; 15% - күнахар адам; 10% - Жәбірейіл періштеге байланысты; 5% - надан, қараңғы адам; 50% - жауабын білмейді.

✓ **Тариқат** сөзі: 15% - «ақиқат» деп жауап берген; 5% - арабша сөйлеу; 5% - сопылық ағымының мұрат-мақсаты; 5% - сопылықтың бір деңгейі; 5% - Қожа Ахмет пайымдауындағы иман шарттарының бірі; 65% - жауап бере алмады.

✓ **Шарап** сөзі: 20% - символикалық ұғым, ақиқат, білім суын ішу; 15% - жауап бермеді; 65% - ішімдіктің бір түрі, адам санасын ластайтын нәрсе, деген жауап берді.

Осы сауалнама арқылы Сүлеймен Бақырғани шығармашылығын қазіргі қоғам қалай түсінеді, қаншалықты дәрежеде оқиды деген сұрақтарға жауап іздеп көрдік, алайда ол жауап, қай қырынан алсақ та, көңіл көншітерлік емес. Осыған байланысты айтар ұсынысымыз: сопылықты, оның ішінде Қожа Ахмет Йасауи, оның шәкірттері жайында мағлұмат беретін дәрістерді орта мектеп бағдарламасына қосымша сабақ ретінде және ЖОО оқу бағдарламасына арнаулы пән ретінде енгізген жөн. Бұл, біріншіден, түркі халықтарының ортақ мұрасын насихаттау, халық санасына хикметтерде жырланғандай иман, адамгершілік, барлық жақсы қасиеттерді біртіндеп сіңіруге жол ашса, екіншіден,

жастарымыздың діни сауатын арттырып, олардың түрлі теріс ағымдарға түсіп кетпеуіне септігін тигізеді.

Хакім Ата – Йасауи мектебінен рухани білімін кемелдендіріп, өзі де шайқылық дәрежеге жетіп, көптеген шәкірт тәрбиелеген ұстаз, пірінің үлгісімен *түркі тілінде* сопылық хикметтер жазған данаақын, ойшылғалым, керемет қасиеттер иесі әулие дәрежесіне жеткен, ел-жұртын ислам арқылы имандылық, адамгершілік жолға үндеген ғұлама. Араб-парсы тілдерін жетік білгенімен, өз шығармаларын жалпы түркі халықтарына ортақ *түркі тілінде* жазуын ақынның туған елі мен ана тіліне деген құрметі деп қабылдап, өзіміз үшін өнеге тұтқанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәтбек Н. Сүлеймен Бақырғани (Хакім Ата) әдеби мұрасы: автореф. ... ф.ғ.канд. – Алматы, 2005. – 29 б.
- 1 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы / Д. Кенжетай. – Алматы: Арыс баспасы, 2008. – 380 б.
- 2 Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
- 3 Астрель. Русско-арабский, арабско-русский словарь / **Астрель**. – М.: АСТ Транзиткнига, 2005. – 224 с.
- 4 Токсамбаева А. О. Религиозно-символическое начало в произведениях Шакарима Кудайбердиева и Машхура Жусупа Копеева [Электрон. ресурс]. – URL: www.rusnauka.com/4_SND_2014/Philologia/7_157603.doc.htm (дата обращения: 12.10.2016)
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы. Ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиеті // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ., 2008. – 812 б. ISBN 978-601-03-0005-7.
- 6 Қазыналы Оңтүстік: Бақырғани хикметтері. 35 томдық. 1 том. – 2010.
- 7 Қыдыр Т.Е. Бақырғани. Хикметтер // Нұрлы әлем. – 2011. – ISBN 978-601-205-226-8; 9. – 20 б.

R.R. Adilov¹

¹*Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

**SEMANTIC-PRAGMATIC PECULIARITIES SUFI NAMES IN
WORKS SULEYMAN BAKYRGANI**

Abstract. The article discusses semantics and cognition religious terms found in the works of Suleiman BakyrGANI. Independent theonyms semantics, their importance in the context and the use of words in the current speech addressed in the study. With the help of works of Hakim Ata defined:

worldview of the author, tariqa, religious path, etc. Considering the works Bakyrangani identified theonyms used very often, indicating cognitive models of these words revealed their core and peripherals. As a result of these studies, we got word that display verbal and semantic level of language personality and extensive explanation theonyms in the cognitive aspect.

In a study to determine the knowledge in our society about the author Hakim Ata Sufi literature, we conducted a survey. The survey results, performance and the results have been made in the article.

Key words: murid, sharap, tariqa, jahl, the owner's will, the light of Allah, distemper.

Р.Р. Адиллов¹

¹ Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

СЕМАНТИКО-ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СУФИЙСКИХ НАЗВАНИЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ СУЛЕЙМАНА БАКЫРГАНИ

Аннотация: В статье рассматривается семантика и когниция религиозных терминов, встречающиеся в произведениях представителя суфийской литературы Сулеймана Бакыргани. Независимая семантика теонимов, значение их в контексте и использование слов в нынешней речи затрагиваются в исследовании. С помощью произведений Хаким Ата определено: мировоззрение автора, тарикат, религиозный путь и т.д. Рассматривая произведения Бакыргани, выявлены теонимы, используемые очень часто, указывая когнитивные модели этих слов, выявлены их ядро и периферия. В итоге этих исследований мы получили слова, которые отображают вербально-семантический уровень языковой личности и обширное объяснение теонимов в когнитивном аспекте.

В научной работе, для определения знаний в нашем обществе о представителе суфийской литературы Хаким Ата, мы провели анкетирование. Результаты анкетирования, процентные показатели и итоги были внесены в статью.

Ключевые слова: мурид, шарап, тарикат, жахил, обладатель воли, свет Аллаха, смута.

ГТАХР 17.82

А.А. Жаппарқұлова¹

*¹ Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты,
Шымкент, Қазақстан*

ДУЛАТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ